

Бекітемін:

№6 «Өркен» Жобалық ЖБҚ МКҚК

директор М.А. Басва Т



Вариативтік компонент
«Ертегілерлер елінде»

№1«Балапан» ортанғы тобы

2024 – 2025 оқу жылы

№1«Балапан» ортаңғы тобының 2024 - 2025 оқу жылына арналған

Вариативті компоненті: «Ертегілер елінде» тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Максаты	Сағаты
1	«Үш аю» ертегісі	Ертегіні зейін қойып тыңдай білуге дағдыландыру. Ертегі мазмұнын түсінуге үйрету. Үлкендерді тыңдауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1
2	«Үш аю» ертегісін сахналау.	Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп ойнау. Өздері сомдаған рөлдерін дұрыс ойнай білуге үйрету. Рөлді сомдаған балаларға баға беру,мадақтау.	1
3	«Шалқан» ертегісі.	Балаларды ертегіні аяғына дейін ынтамен қызыға тыңдауға үйрету. Балаларға ертегі мазмұнын тыңдауға үйрету.Сұрақ қоя отырып,ертегінің мазмұнын түсіндіру.	1
4	Шалқан ертегісін сахналау.	Балаларға шалқан ертегісін қимылдарымен көрсете білуді үйрету. Ертегі туралы түсінік бере отырып, балалардың белсенділіктерін аңғару.	1
5	Бауырсақ ертегісі	Балаларды ертегіні аяғына дейін ынтамен қызыға тыңдауға үйрету. Балаларға ертегі мазмұнын тыңдауға үйрету.Сұрақ қоя отырып,ертегінің мазмұнын түсіндіру.	1
6	Бауырсақ ертегісі қойылымы	Ертегі желісі бойынша қойылым жасай білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Тілдерін дамыту. Сөздік қорын юайыту.	1
7	«Екі әтеш»	Балаларға ертегі мазмұнын тыңдауға үйрету.Сұрақ қоя отырып,ертегінің мазмұнын түсіндіру.	1
8	«Екі әтеш» қойылымы.	Балаларға ертегіні аяғына дейін тыңдауға үйрету,әр кейіпкерлерге сипаттама бере отырып,ертегінің мазмұнын өз беттерімен айтуға дағдыландыру.Ертегіні сахналауға үйрету.	1
9	Шұбар тауық	Балаларға ертегі мазмұнын қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету.Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету.	1
10	Шұбар тауық(сахналау)	Балалардың естеріне ертегі мазмұнын сұрақ қоя отырып түсіру.Ертегідегі кейіпкерлердің даусы ырғағын сала білуге көңіл бөлу.Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттен сезініп,қимыл-қозғалыс арқылы бейнелей ойнап беру.	1.
11	«Қызыл телпек» ертегісі	Балаларға ертегінің желісі бойынша сұрақ қоя отырып айқызу.Әр кейіпкерге сипаттама беруге дағдыландыру.	1.
12	«Қызыл телпек» ертегісі. Сахналау.	Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс тұрысына талдауға,оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.Сыпайылыққа тәрбиелеу.	1
13	«Бір үзім нан» қазақ халық ертегісі	Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп,зейін қойып тыңдауға үйрету.Сөздік қорларын молайтуға үйрету.	1
14	«Бір үзім нан» қазақ халық ертнгісі	Балаларды адамгершілікке,адалдыққа,бірін-бірі сыйлауға үйрету,өзіне берілген рөлді дауыс ырғағымен ойнауға тәрбиелеу.	1
15	«Екі әтеш» ертегісі	Балаларға ертегі мазмұнын тыңдауға және түсінуге,бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.	1
16	« Екі әтеш» ертегісі	Кейіпкерлердің,оқиғалардың әрекетіне талдау жасап және рөлдерде ойнау.	1
17	Түлкі мен қоян ертегісі	Ертегіні тыңдай білу дағдыларын дамыту.Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп,айырмашылығын ажырата білуге үйрету.Сөздік қорларын молайту.	1
18	Түлкі мен қоян ертегісі(сахналау)	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту,жақсылық жасауға,достыққа,өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.	1
19	Түлкі мен қоян ертегісі(сурет театры)	Рөлдерді бөлісіп,ертегіні кейіпкерлеуді үйрету.Балалардың өзге кейіпкерлермен рөлдік әрекеттестікке түсуге,дауыспен	1

		кейіпкердің күйін эмоционалды түрде жеткізуге баулу.	
20		Ертегі мазмұны бойынша оқиғаның барысын түсініп,айтып беру.	1
21	Үйшік	Балалардың сөйлеу мәдениетін,еркін сөйлеп,өз ойларын дұрыс жеткізуге үйрету.	1
22	Үйшік	Балалардың бойына мейірімділік,достық сезімдерін тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп,сахналау. Балалардың өз бетінше ойлап,әр кейіпкердің өзіндік ерекшелігін ажырата білуге үйрету,ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	1
23	«Аққала» ертегісі	Балаларды ертегінің образын көрсете отырып сөйлеу, еркін сөйлеу қабілетін дамыту.	1
24	«Аққала» ертегісі	Балаларды ертегінің образын көрсете отырып сөйлеу, еркін сөйлеу қабілетін дамыту.	1
25	Арыстан мен тышқан ертегісі	Ертегінің мәнін ықыласпен тыңдауға баулу,оқылған ертегіні дұрыс түсінуге,ойларын тиянақтау,сөздік қорларын байыту,жақсылық жасауға тәрбиелеу.	1
26	Арыстан мен тышқан ертегісі	Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп,сахналау. Балаларды ертегіні түсініп,мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету.Сөйлеуге,әңгімелей білуге үйрету.Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу.	1
27	«Түлкі, қоян және әтеш» орыс халық ертегісі.	Балаларға ертегіні аяғына дейін тыңдауға үйрету,әр кейіпкерлерге сипаттама бере отырып,ертегінің мазмұнын өз беттерімен айтуға дағдыландыру.Ертегіні сахналауға үйрету.	1
28	«Түлкі, қоян және әтеш» орыс халық ертегісін сахналау.	Балаларды ертегіні түсініп,мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету.Сөйлеуге,әңгімелей білуге үйрету.Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу.	1
29	«Ақымақ қасқыр» қазақ халық ертегісін сахналау	Ертегінің мәнін ықыласпен тыңдауға баулу,оқылған ертегіні дұрыс түсінуге,ойларын тиянақтау,сөздік қорларын байыту,жақсылық жасауға тәрбиелеу.	1
30	«Ақымақ қасқыр» қазақ халық ертегісін сахналау	Ертегі желісі бойынша сәйкес балаларды әрекет етуге үйрету; балаларда өзіне деген сенімділікті арттыру; үйлесімді қимылды дамыту.	1
31	«Қоянның үйі» ертегісі	Ертегіні зейін қойып тыңдай білуге дағдыландыру. Ертегі мазмұнын түсінуге үйрету. Үлкендерді тыңдауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1
32	«Қоянның үйі» ертегісі	Ертегідегі кейіпкерлердің даусы ырғағын сала білуге көңіл бөлу.Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттен сезініп,қимыл-қозғалыс арқылы бейнелей ойнап беру.	1
33	Құмырсқаның қанағаты»	Ертегінің мазмұнын айта білуге үйрету, жәндіктерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу	1
34	Құмырсқаның қанағаты»	Ертегідегі кейіпкерлердің даусы ырғағын сала білуге көңіл бөлу.Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттен сезініп,қимыл-қозғалыс арқылы бейнелей ойнап беру.	1
35	«Түлкі мен тырна».	Ертегіні зейін қойып тыңдай білуге дағдыландыру. Ертегі мазмұнын түсінуге үйрету. Үлкендерді тыңдауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1
36	«Түлкі мен тырна».	Ертегідегі кейіпкерлердің даусы ырғағын сала білуге көңіл бөлу.Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттен сезініп,қимыл-қозғалыс арқылы бейнелей ойнап беру.	1

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен.

Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған-алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күн қарны ашқан бай кедейге:

- Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, - дейді.

- Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, - деп жауап береді кедей.

Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.

- Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы.

- Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні орай айтылғаны екен.